

17.11.25 ж. сағат 11.30-12.30 517 аудиторияда ЭЕА-211 тобында

**«17-қараша – Дүние –жүзілік студенттер күні» мерекесі
тақырыбында тәрбие сағаты өтілді**

Студенттер күні – жастардың қоғамда алатын рөлі, олардың білім алу мен өзін-өзі дамытудағы маңызды орны сөз болды.

17 қараша күні дүниежүзі бойынша студенттер мен жастардың құқықтарын қорғау үшін атап өтіледі. Студенттердің білім алу құқығы, олардың қоғамдағы орны мен әлеуметтік маңызы туралы ақпарат берілді.

Студенттердің қоғамдағы рөлі және болашаққа деген үміттері жайында білімгерлер арасында пікір алмасу: жастардың білім алу арқылы қоғамның дамуына қосатын үлесі туралы әңгіме болды. Өз армандары мен мақсаттары туралы бөлісіп, оқу барысында алған білімдерінің қоғамға пайдалы болатыны туралы пікірлер айтылып, тыңдалды.

